

Ә.С. Шегебай^{1*}, А.К. Дүйсенбі²

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: alibek-shegebaev@mail.ru¹, daskar73@mail.ru²

ORCID: 0009-0002-2184-2197¹, 0009-0001-1245-3408²

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДІНИ- ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАС

Аңдатпа. Мақалада қазақтың көрнекті ақыны Мұқағали Мақатаев шығармашылығындағы діни-дүниетанымдық көзқарастар әдебиеттанулық және діни-философиялық тұрғыдан кешенді түрде зерттеледі. Зерттеудің өзектілігі қазіргі қазақ әдебиетіндегі діни-философиялық поэзияның көркемдік табиғатын жаңа ғылыми ұстанымдар негізінде зерделеу қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы исламдық дүниетанымның көркемдік көріністерін, оның рухани-этикалық мазмұнын және қазақ әдебиетіндегі діни-философиялық дәстүрмен сабақтастығын анықтау. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық, әдеби-мәтіндік, құрылымдық-семантикалық және интерпретациялық талдау әдістері қолданылды. Ақынның діни мазмұндағы өлеңдері, күнделіктері мен шығармашылық мұрасы қазақтың классикалық рухани ойының көрнекті өкілдері Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни-философиялық мұрасымен салыстырыла қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде Мұқағали Мақатаев поэзиясында Аллаға сенім, имандылық, ар-ождан, әділдік, тағдыр, сабыр, рухани кемелдену, дін мен ғылымның үйлесімі сияқты исламдық құндылықтардың терең көркемдік-философиялық мазмұнда бейнеленетіні анықталды. Кеңестік идеологиялық қысым жағдайында ақынның діни дүниетанымды тікелей уағыздау емес, символдық бейнелер, метафоралар, философиялық пайымдаулар және лирикалық мінезат үлгісі арқылы жеткізгені дәлелденді. Сонымен қатар ақын шығармашылығының қазақ әдебиетіндегі діни-философиялық дәстүрді жаңа тарихи кезеңде көркемдік тұрғыдан жаңғыртып, ұлттық руханияттың дамуына ықпал еткені ғылыми тұрғыдан негізделді. Зерттеу қорытындылары Мұқағали Мақатаев поэзиясының исламдық гуманизм қағидаларын ұлттық дүниетаныммен сабақтастыра отырып, қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани құндылықтарды жаңаша пайымдауға мүмкіндік беретін маңызды көркемдік-эстетикалық құбылыс екенін көрсетеді.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экокүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» жобасын іске асыру аясында дайындалды.

Кілт сөздер: ислам философиясы, рухани кемелдену, қазақ руханияты, дәстүр мен жаңашылдық, діни-философиялық поэзия.

A.S. Shegebay^{1*}, A.K. Duisenbi²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: alibek-shegebaev@mail.ru¹, daskar73@mail.ru²

ORCID: 0009-0002-2184-2197¹, 0009-0001-1245-3408²

RELIGIOUS AND WORLDVIEW PERSPECTIVES IN THE POETRY OF MUKAGALI MAKATAYEV

Abstract. This article provides a comprehensive scientific and theoretical analysis of the religious and worldview perspectives in the works of Mukagali Makatayev, an outstanding Kazakh poet and a prominent

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Ә.С. Шегебай, А.К. Дүйсенбі. Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы діни-дүниетанымдық көзқарас // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 209-221. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-14>.

representative of spiritual thought in national poetry. Particular attention is given to the poetic representation of faith in Allah, morality, conscience, justice, destiny, and spiritual perfection, examined in continuity with the religious and philosophical tradition established by classical Kazakh thinkers and poets such as Abai Kunanbayev, Shakarim Kudaiberdiuly, and Mashkhur Zhusup Kopeyev. The spiritual quest reflected in Makatayev's lyrics demonstrates clear ideological resonance with Abai's concept of the "Perfect Human," Shakarim's ethical philosophy of conscience, and Mashkhur Zhusup's Sufi worldview. Special emphasis is placed on the poet's artistic strategies for expressing religious consciousness under the ideological constraints of the Soviet period, where religious ideas were conveyed through symbolism, metaphor, and philosophical reflection rather than direct discourse. In addition, the article systematically examines the relationship between religion and science, the meaning of human existence, spiritual responsibility, and moral choice. The study concludes that Mukagali Makatayev's religious and philosophical worldview, developing the spiritual tradition initiated by Abai at a new artistic level in the twentieth century, made a significant contribution to the renewal of the conceptual and ideological foundations of contemporary Kazakh spirituality.

Acknowledgments: This article has been funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (BR27101897 "Digital transformation of the ecosystem of literary, folklore and art studies of Kazakhstan: interdisciplinary research").

Keywords: islamic philosophy, spiritual perfection, Kazakh spirituality, tradition and innovation, religious and philosophical poetry.

А.С. Шегебай^{1*}, А.К. Дүйсенби²

^{1,2}Қазақский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: alibek-shegebaev@mail.ru¹, daskar73@mail.ru²

ORCID: 0009-0002-2184-2197¹, 0009-0001-1245-3408²

РЕЛИГИОЗНО-МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ В ПОЭЗИИ МУКАГАЛИ МАКАТАЕВА

Аннотация. В статье комплексно исследуются религиозно-мировоззренческие взгляды в творчестве выдающегося казахского поэта Мукагали Макатаева с литературоведческих и религиозно-философских позиций. Актуальность исследования обусловлена необходимостью нового научного осмысления художественной природы религиозно-философской поэзии в современной казахской литературе. Цель исследования заключается в выявлении художественных форм выражения исламского мировоззрения в поэзии Мукагали Макатаева, раскрытии её духовно-нравственного содержания и определении преемственности с религиозно-философской традицией казахской литературы. В исследовании использованы сравнительно-исторический, герменевтический, литературно-текстологический, структурно-семантический и интерпретационный методы анализа. Религиозная лирика, дневники и художественное наследие поэта рассматриваются в сопоставлении с духовно-философскими концепциями Абая Кунанбаева, Шакарима Кудайбердиева и Машхура Жусупа Копеева. Результаты исследования показывают, что в поэзии Мукагали Макатаева исламские ценности – вера в Аллаха, нравственность, совесть, справедливость, судьба, терпение, духовное совершенствование, а также идея единства религии и науки – получили глубокое художественно-философское воплощение. Установлено, что в условиях идеологических ограничений советской эпохи поэт выражал религиозное сознание преимущественно посредством символики, метафор, философских размышлений и жанра молитвенной лирики, а не посредством прямой религиозной проповеди. Обосновано, что творчество Мукагали Макатаева стало важным этапом художественного обновления национальной религиозно-философской традиции и оказало значительное влияние на развитие духовного сознания современного казахского общества. Полученные результаты позволяют рассматривать поэзию Мукагали Макатаева как значимое художественно-эстетическое явление, соединяющее принципы исламского гуманизма с национальным мировоззрением и способствующее современному осмыслению духовных ценностей казахской литературы.

Благодарности: Статъя подготавлена в рамках реализации проекта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан BR27101897 «Цифровая трансформация экосистемы литературоведения, фольклористики и искусствоведения Казахстана: междисциплинарные исследования».

Ключевые слова: исламская философия, духовное совершенствование, казахская духовность, традиция и новаторство, религиозно-философская поэзия.

1. Кіріспе

Қазақ әдебиетінің тарихи-рухани қалыптасуында ислам мәдениетінің, дін мен имандылыққа негізделген құндылықтардың алатын орны айрықша. XII-XIX ғасырлардағы түркі сопылық поэзиясынан бастап, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп секілді ойшылдардың мұраларына дейін жалғасқан діни-философиялық дәстүр ұлттық дүниетанымның ажырамас бөлігін құрайды. Бұл дәстүр XX ғасырда жаңа қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар аясында жаңаша сипат алып, оның көркемдік тұрғыдан терең дамуына Мұқағали Мақатаевтың поэзиясы зор үлес қосты.

Мұқағали Мақатаев шығармашылығы – ұлттық руханияттың, соның ішінде дін мен адамгершілік мәселелерінің көркем поэзиядағы өзіндік жалғасы. Ақынның жырларында діни мазмұн тікелей насихатталмайды, алайда оның өлеңдерінен имандылыққа үндейтін, адам мен Жаратушы арасындағы рухани байланысқа негізделген терең философиялық ой-толғамдар айқын көрініс табады. Мақатаев үшін дін – адам болмысының үйлесімі мен әділдікке ұмтылысының, мейірім мен сабырдың, ізгілік пен ар-ождан тазалығының бастауы. Сондықтан ақын поэзиясындағы діни-философиялық мағына көбіне символдық образдар, рухани-этикалық тұжырымдар және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін идеялар арқылы көрініс табады.

Кеңестік идеологияның басты сипаты – қоғам санасынан дінді ығыстыру, Құдайға сенуді артта қалғандықтың белгісі ретінде көрсету болды.

Мемлекеттік жүйе атеизмді насихаттап, діни сенімді «ескілік қалдығы» деп қарастырды. Мұндай жағдайда дін туралы ашық айту түгілі, Алла, мұсылман, құбыла сияқты ұғымдарды қолданудың өзі қауіпті саналды.

Осындай жағдайда Мұқағали Мақатаевтың дін тақырыбына баруы үлкен рухани және шығармашылық ерлік. Ол «Бірігіңдер, әлемнің мұсылманы!», «Я, Алла! Жаратушы жалғыз Ием...», «Дін – ғылымның анасы» сынды өлеңдерін дәл сол атеистік заманда жазып, дәптерлерінде сақтап қалдырған.

Бұл туындылар ақын көзі тірісінде жарияланбады. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 1990-шы жылдардан бастап баспасөз беттері мен ақынның жыр жинақтарында жарық көре бастады. Демек, Мұқағали жасырын болса да Алланы танып, сеніп, сыйынған, жүрек тереңінде Құдайға деген ықыласын поэзия тілімен жеткізген тұлға.

Белгілі әдебиеттанушы, сыншы Тұрсынжан Шапайдың: «Абайдың діни танымы, Алла туралы пайымы тым терең, тым ауқымды. Абайда – дін туралы, Алла туралы терең де кешенді түсінік. Мұқағалида – Жаратушысы туралы ойланған әр пенде мойынсұнар қарапайым ақиқат. Бірақ атеистік-коммунистік қыспақта Алласын мойындап, еркін ой толғауы ақындық өр рухының бір ерлігі деп бағаласақ керек» – дегені бар еді (Шапаян, 2005).

Тұрсынжан Шапайдың бұл пікірі Мұқағали Мақатаевтың діни өлеңдерін Абаймен салыстыра отырып әділ бағалайды. Абай дінді терең философиялық жүйеге

айналдырған ойшыл ақын болса, Мұқағали қысым заманында Алласына жасырмай жүгінген шынайы лирик. Осы тұрғыдан алғанда, Мұқағалидың діни өлеңдері сенімнің ғана емес, рухани еркіндіктің де поэзиясы.

Ақынның діни көзқарасы туралы «Мұқағали» журналының алғашқы бас редакторы болған, ақын, журналист Батық Мәжитұлы: «Мұқаң да октябрат, пионер, комсомол, коммунист болу үдерістерін басынан кешті. Сол заманның перзент, пендесі. Тіпті алғашқы дастандарын Ленинге арнағаны да – сондай сенімдердің шалығы. Қызыл қоғам сендірген және жалаулатып көндірген идеяларға ол да сенді. Бірақ ақынның басқа замандастарынан айырмашылығы – компартияға деген сенімінің алдамшы екенін ең алғашқы болып білгендердің бірегейі де өзі еді. Шындықты танып қою әсері ақынды есеңгіретпей қалған жоқ. Дәл осы кезде ақын ата діннің қағидаларына тереңдеп үнілді. Жоғалтқанын Исламнан тапты. Исламды жырлады. Күнә жасағанын ойлап жылады. Тіпті «Дін – ғылымның анасы» деген ғажайып теңеуді өмірге келтірді. Осыдан кейін барып ақынның ойы да, бойы да жеңілдеді. Себебі ол өзі іздеген ақиқатты Исламнан тапты», – дейді (Шапьян, 2005).

Ислам ақын үшін тек діни сенім ғана емес, моральдық тазалықтың, адамдық жауапкершіліктің және ақиқатқа жетудің жолы ретінде көрініс тапты. Ақын поэзиясындағы «Дін – ғылымның анасы» деген тұжырым да оның исламды рационалдық әрі философиялық тұрғыда қабылдағанын аңғартады. Бұл ойлар Мұқағали Мақатаевтың діни дүниетанымының кездейсоқ емес, терең рухани-психологиялық және тарихи-әлеуметтік тәжірибелер нәтижесінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Зерттеудің өзектілігі ақын мұрасындағы діни дүниетаным мен рухани ізденістердің қазіргі қазақ қоғамына, ұлттық мәдениет пен дүниетанымдық бірегейлікке ықпалын ғылыми тұрғыдан талдаудың қажеттілігімен айқындалады. Мақатаев поэзиясында исламдық ойлаудың ұлттық ерекшелікке сай жаңаша интерпретациялануы, дін мен ғылым, адам мен Құдай, рух пен болмыс арасындағы қатынастардың көркемдік модельдері – зерттеудің маңызды мәселелерінің бірі.

Зерттеудің мақсаты – Мұқағали Мақатаев шығармаларындағы діни-философиялық ойларды жүйелі түрде талдап, ақын поэзиясындағы исламдық дүниетанымның көркем көрінісін анықтау. Осы мақсатқа сай зерттеу барысында ақын шығармаларындағы рухани-этикалық тұжырымдар, адам мен Жаратушы арасындағы байланысқа қатысты көзқарастар, діни символика мен сопылық сарындардың көркемдік қызметі жан-жақты қарастырылады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында әдебиеттанулық және философиялық талдау принциптеріне негізделген бірнеше ғылыми әдістер кешені қолданылды. Ең алдымен, салыстырмалы талдау әдісі арқылы Мұқағали Мақатаевтың діни мазмұндағы өлеңдері қазақ әдебиетінің классикалық діни-философиялық дәстүрімен – Абай, Шәкәрім және Мәшһүр Жүсіп мұраларымен салыстырыла қарастырылды. Бұл тәсіл ақын поэзиясындағы рухани-имандылық ұстанымдарының тарихи сабақтастығын және исламдық дүниетанымның жалғастық сипатын анықтауға мүмкіндік берді.

Герменевтикалық әдіс Мақатаев шығармаларындағы діни-философиялық ұғымдарды, символдық-метафоралық бейнелеулерді терең түсіндіру үшін қолданылды. Бұл әдіс ақын мәтіндеріндегі Жаратушы, адам жаны, тағдыр, әділет, мейірім сияқты діни категориялардың ішкі мазмұнын ашуға бағытталды.

Сонымен қатар, талдамалық әдіс ақын поэзиясының құрылымдық, поэтикалық және идеялық тұтастығын айқындауға негіз болды. Исламдық ілімнің негізгі қағидалары – сенім (иман), әділдік (адл), сабыр (сабр), бірлік (таухид) – Мақатаев поэзиясындағы көркемдік интерпретациялармен салыстырылып, олардың поэтикалық трансформациясы ғылыми тұрғыдан сараланды.

Әдеби-стистикалық талдау арқылы ақын қолданған метафоралар, символдар, поэтикалық кодтар және сопылық сарындар жүйелі түрде жіктеліп, олардың мәтіндік қызметі мен идеялық мәні анықталды.

Осы әдістердің бірлікте қолданылуы Мақатаев шығармаларындағы діни-философиялық идеялардың мазмұнын терең және жан-жақты ашуға мүмкіндік берді.

2.2. Материалға сипаттама

Зерттеудің материалын Мұқағали Мақатаевтың бірнеше поэзиялық жинақтары, ақынның тірі кезінде және қайтыс болғаннан кейін жарияланған өлеңдер топтамалары, күнделіктері мен прозалық жазбалары құрайды. Атап айтқанда, ақынның тәуелсіздік жылдарында жарық көрген жыр жинақтарындағы діни-рухани мазмұнға ие өлеңдері зерттеу нысаны ретінде кеңінен қарастырылды. Сонымен қатар ақынның сопылық сарындар мен имандылық категорияларын бейнелейтін поэтикалық туындылары жеке топтастырылып, тақырыптық және мотивтік жіктеуге негіз болды.

Материалды толықтыру мақсатында Мұқағали шығармашылығына арналған ғылыми еңбектер, әдеби сын мақалалар, зерттеушілердің дін және руханият мәселелеріне қатысты тұжырымдары да қосымша дереккөз ретінде пайдаланылды. Осы деректер ақын поэзиясындағы діни-философиялық идеялардың қалыптасуына тарихи-мәдени контекст тұрғысынан баға беруге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, зерттеу материалдары ақынның рухани дүниетанымын, діни ұстанымдарын және исламдық ойлау жүйесінің оның поэтикалық әлеміне ықпалын жан-жақты талдауға жеткілікті эмпирикалық база жасайды.

3. Талқылау

Қазақ поэзиясындағы біртуар ақындарымыздың бірі, «қазақтың мұзбалағы» атанған, тілге шебер, сөзге бай, от ауызды, орақтілді Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері тілге жеңіл, көңілге қонымды. Ақын поэзиясынан лиризмді, романтизмді, реализм көріністерін анық байқаймыз (Зиноллаева, 2020: 49).

Бұдан бөлек ақынның діни-философиялық ойлары айқын көрінетін шығармаларының бірі – «Бірігіңдер, әлемнің мұсылманы!» атты өлеңі. Бұл туынды ақын поэзиясындағы исламдық дүниетанымның мәндік өзегін құрайтын иман, рухани берік ұстаным және мұсылмандық бірлік идеяларын терең философиялық аяда дамытады.

Өлеңнің мазмұны ислам қауымдастығының бірлігі мен діни сенімнің беріктігіне бағытталған. Ақын:

«Сатқан емен,

Сатпаймын, дінімді мен,

Өлмейтұғын, өшпейтін күнім білем.

Алла есімі – жүрегім жүдырықтай,

Жүрегімнің соққанын біліп жүрем» (Мұқағали, 2012: 40) – деп, өзінің діни тұлғалық болмысын айқын көрсетеді. Бұл жолдарда ақынның дінге деген адалдығы сыртқы декларация емес, ішкі рухани серт түрінде берілген. Мақатаев үшін исламға сену – тек ғұрыптық амалдармен шектелмейтін, адамның жүрек тазалығына, мінез-құлық мәдениетіне, ар-ождан жауапкершілігіне негізделетін құндылық. Осы тұрғыдан алғанда, ақын исламды адам болмысының этикалық өзегін айқындайтын рухани күш ретінде қабылдайды.

Өлеңде мұсылмандық бірлік идеясы тек діни қауым деңгейінде емес, жалпыадамзаттық рухани тұтастық өлшемінде өрістейді. Ақын:

«Қаны аққан қайран менің мұсылманым,

Осы ма екі ортада қысылғаның?!

Бейіштің ақ қанатты ақ құстарын

Айырып ұясынан ұшырғаның?!

Бірігіңдер, әлемнің мұсылманы,

Құрбан болсын Құдайым үшін жаның!!!» (Мұқағали шығармалары, 2001: 26). – деп, мұсылман үмбетін тұтастыққа, рухани ынтымаққа шақырады. Бұл үндеу ақынның дүниетанымындағы дін мен ұлт тағдырының өзара сабақтастығын айқын аңғартады. Мұнда дін – бөлінушілікке емес, керісінше, әлемдік деңгейдегі ынтымаққа жеткізетін моральдық-рухани күш ретінде көрінеді.

Мақатаевтың діни лирикасында ислам бірлігі идеясы сопылық дәстүрге тән «рухани бауырластық» ұғымымен де астасып жатады. Ақынның шақыру формасындағы жыр жолдары діни поэзияның публицистикалық қуатын күшейтіп қана қоймай, исламдық қағидалардың ұлттық рухани болмыспен табиғи үйлесімін көрсетеді.

Осылайша, ақынның «Бірігіңдер, әлемнің мұсылманы!» өлеңі оның исламдық дүниетанымының негізгі бағыттары – имандылық, әділдік, рухани тұтастық және адамзаттық жауапкершілік мәселелерін көркемдік тұрғыдан терең бейнелейтін туынды болып табылады.

Мұқағали Мақатаев поэзиясында мінәжат жанры ерекше орын алады. Ақынның «Я, Алла! Жаратушы жалғыз Ием...», «Жаратушы, жалғыз Ием, қуат бер...», «Я, Аллам! Жаратушым, Қорғаушым...» сияқты өлеңдері исламдық поэзиядағы дәстүрлі мұң-тілек, жалбарыну, құдірет Иесіне мұқтаждықты білдіру сипатындағы мінәжат лирикасының көркем үлгілері болып табылады.

Бұл шығармаларда ақын адам баласының әлсіздігі мен рухани қуатқа деген мұқтаждығын шынайы әрі терең бейнелейді. Мысалы, белгілі өлең жолдарында:

«Я, Аллам!

Жаратушы жалғыз Ием,

Медет бер, жапандағы жалғыз үй ем.

Хал сұрар, жәй түсінер бір пенде жоқ,

Жүрек жүн, ойым опат, жанды жүйем...» (Мұқағали, 2012: 37). – деп, ақын өзінің тіршілік алдындағы жалғыздығын, пенделік әлсіздігін және рухани қолдауға деген шынайы сұранысын жеткізеді. Мұнда «жапандағы жалғыз үй» бейнесі адамның мына дүниедегі қорғансыздығы мен жалғыздығын метафоралық тәсілмен бейнелейді.

Мақатаевтың мінәжат лирикасының ерекшелігі – Алла мен адам арасындағы қарым-қатынасты тек құлшылық немесе діни салт шеңберінде емес, рухани-эмоциялық тәжірибе деңгейінде көрсетуі. Ақын Аллаға жалбарынуды адамның ішкі жан дүниесін тазартып, рухани тепе-теңдік табудың жолы ретінде сипаттайды. Мұндай мінәжат тек өтініш немесе жалыну емес, адамның өзімен-өзі сырласуы, жүректің арылу процесі ретінде көрінеді.

Дәстүрлі исламдағы мінәжат үлгілерінен Мақатаев поэзиясы эмоциялық тереңдік пен адамдық сезімнің кеңдігімен ерекшеленеді. Ақын жалбарынуды тек діни міндет ретінде емес, адам жанының ең шынайы, ең әлсіз әрі ең мәнді сәттерін бейнелейтін поэтикалық тәжірибе дәрежесіне дейін көтереді. Оның Аллаға қарата айтқан сөздері – қорқыныштан туған жалбарыныс емес, үмітке, сенімге, мейірімге сүйенген рухани байланыс.

Ақынның дүниетанымында Алла – жазалаушы, қатаң төреші емес; керісінше, әділдіктің, мейірімнің, кешірімнің иесі. Бұл көзқарас исламдық гуманизм қағидаларына сәйкес келеді және ақынның рухани ізденісінің ұмтыла түскен бағытын көрсетеді. Мақатаев үшін Аллаға мінәжат – адамның рухани арылуының, жан жарасын емдеудің тәсілі, шындықты танып, жүрек тыныштығына жетудің жолы.

Осылайша, ақынның мінәжат лирикасы – оның діни-философиялық өлеңдерінің ең терең қабатын құрайтын, адамның ішкі әлемін, рухани ізденісін, Жаратушыға деген үмітін айшықтайтын көркемдік феномен.

Қазақ әдебиетінде діни-философиялық поэзия адам, Алла, ар-ождан, өмір мен өлім, иман мәселелерін терең толғайды. Бұл дәстүрдің ірі өкілдері – Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және XX ғасырда сол рухани арнаны жалғастырған Мұқағали Мақатаев.

Абайда иман – ақыл мен жүректің бірлігі. Надандық пен соқыр сенімді қатты сынайды. Ол «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп, иманды ақылмен, таныммен қабылдауды насихаттайды.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,

Рас сөз еш уақытта жалған болмас.

Көп кітап келді Алладан, оның төрті,

Алланы танытуға сөз айырмас...» (Абай, 2019: 208).

Абай бұл жолдарда Алланы абсолют ақиқат ретінде танытады. «Рас» ұғымы – ақын поэзиясындағы негізгі философиялық категория. Алла да, Оның сөзі де (Құран) – өзгермейтін, күмәнсіз шындық. Мұнда Абай соқыр сенімді емес, ақиқатқа негізделген иманды алға тарта отырып, исламдағы төрт қасиетті кітапты (Тәурат, Забур, Інжіл, Құран) меңзейді. Ақын олардың бәрінің түпкі мақсаты бір екенін айтады. Яғни діндердің айырмашылығынан гөрі, ортақ ақиқатқа назар аудартады.

Шәкәрім иманды ар-ұжданмен тең қояды. Оның ойынша, шынайы дін – адамды адалдыққа, әділетке жетелеу. Сондай-ақ ол Алланы ар-ожданмен байланыстырады. Оның түсінігінде «ар ілімі» – діннің өзегі.

«Таза ақылмен таппаған дін

Шын дін емес – жындылық.

Қармалаған бір соқырсын,

Өлген ой мен көз, құлақ...» (Шәкәрім, 2019: 140).

Шәкәрім үшін діннің басты өлшемі – таза ақыл. Ақын соқыр сенімді, ақылға салынбай қабылданған діни ұстанымды «шын дін емес» деп кесіп айтады. Мұнда дін – қорқынышқа, еліктеуге немесе дағдыға емес, саналы танымға сүйенуі керек деген ой бар.

«Өлген ой» – ойлау қабілетінің тоқырауы, «көз бен құлақтың өлуі» – ақиқатты көрмеу, естімеу. Яғни ақылсыз дін адамды рухани тірілтпей, керісінше тұйыққа тірейді.

Мұқағали Мақатаевтың діни-философиялық ойлау жүйесі қазақ поэзиясындағы исламдық дүниетаным мен ұлттық рухани танымның сабақтастығы негізінде қалыптасты. Бұл дәстүрдің поэтикалық және лингвомәдени үлгілері Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының діни поэзиясында да айқын көрініс тапқан (Manashkyzyetal., 2025: 470-473).

Мәшһүр Жүсіпиманды шариғат жолымен, діни қағидалармен түсіндіреді, насихаттық сарын басым. Ол діни сенімді дәстүрлі ислам, сопылық таным аясында жырлап, ақырет, қиямет, пайғамбарлар тағдырына көп тоқталады.

«Иман келтір әуелі: «Алла бір!» – деп,

«Мұхаммед – Хақ расул, пайғамбар!» – деп.

«Дін үйрет, – деп, жіберген-елші досты,

Құлдарымды Хақ жолына көндірсін!» – деп» (Көпейұлы, 2005: 147 б).

Мәшһүр Жүсіп ислам дінінің негізгі қағидаларын (таухид пен пайғамбарға иман) нақты, ашық түрде баяндайды. Мұнда иман – сенімнің бастауы, діни жолға кірудің алғышарты ретінде көрсетіледі.

Сонымен қатар бұл жолдарда пайғамбардың елшілік миссиясында айтылады. Алланың адамзатты Хақ жолына салу үшін пайғамбар жібергені – шариғаттық, насихаттық мәнде беріледі. Ақынның мақсаты – оқырманды иманға шақыру, діни ақиқатты бекіту.

Мұқағали болса, Алламен сырласу формасын тандайды. Ол Құдайға тікелей тіл қатып, күмәні мен үмітін, әлсіздігі мен сенімін жасырмай айтады. Бұл – XX ғасыр адамының рухани дағдарысын көрсететін жаңа қыр.

Мұқағалидың діни өлеңдерінде адам мен Алла арасындағы қарым-қатынас өте жеке, лирикалық сипатта көрінеді.

Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп – қазақтың дәстүрлі діни дүниетанымын қалыптастырған дара тұлғалар. Мұқағали сол дәстүрді жалғастыра отырып, оны заман рухына сай жаңартты. Ол дінді догма ретінде емес, адамның жан әлемімен байланысты рухани құбылыс ретінде көрсетті.

Ақынның күнделігінде: «...Түнде сұмдық найзағай шартылдады, әлдеқайда жай түсіп, жер солқ ете қалды. Жылқы үрікті, әлдеқайдан малшылар мылтық атты. Барлығына амандық тілеп, таң атқанда ғана көз ілдім, ерте тұрдым. Сібірлеп жаңбыр жауып тұрды да, арты әлгіндей - қар құйып тұр. Ойнап көр таудың табиғатымен. О, сұмдық! Өзімнің жазылған жырымдағы жайларды құдірет бұлжытпай, дәл сол қалпында көзіме көрсетіп, алдыма тартып отыр.

О, Құдірет! Не айта алам?!

Бұл не қылған арпалыс?! Құдірет кім?!

Төрт қыран! «Қош қырандар!» – деген жолдар бар (Мақатаев. Күнделік, 2009: 8).

Ұзақ уақыт бойы қазақ поэзиясында табиғат бейнесі адамның ішкі дүниесі мен рухани сезімдерін көрсету құралы ретінде қолданылған. Мұқағали Мақатаевтың күнделігінен алынған үзіндіде табиғат құбылыстары – найзағайдың шартылдауы, жердің солқ ете калуы, жаңбыр мен қардың ауысуы – тек сыртқы көрініс ғана емес, ақынның психологиялық күйімен және поэтикалық сана-сезімімен тығыз байланыста бейнеленген.

Мәтінде бірінші кезекте табиғат пен адамның эмоционалдық байланысы көрініс табады. «Түнде сұмдық найзағай шартылдады, әлдеқайда жай түсіп, жер солқ ете қалды» деген жолдарда табиғат оқиғаларының қарқыны мен күштілігі адамның ішкі қорқынышы мен эмоционалдық толқынын ашады. Жылқының үркуі, малшылардың мылтық атуы – адамның табиғатпен, өмірлік сынақтармен қарым-қатынасын көрсетеді. Мұқағали бұл көріністі өз тәжірибесі мен шығармашылық процесімен үйлестіріп, поэзия мен өмір арасындағы тұтастықты көрсетеді: «Өзімнің жазылған жырымдағы жайларды құдірет бұлжытпай, дәл сол қалпында көзіме көрсетіп, алдыма тартып отыр».

Келесі мәтінде рухани-философиялық ізденіс көрініс табады. Ақын Құдіретке (Аллаға) үндеу арқылы өмірдегі күрделі жағдайлар мен табиғат құбылыстарының мәнін түсінуге тырысады: «О, Құдірет! Не айта алам?! Бұл не қылған арпалыс?! Құдірет кім?!». Бұл жолдарда діни-философиялық ойлар көрінеді: Мұқағали үшін Құдірет – адам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің, тағдыр мен еркіндік арасындағы күрестің символы. Ақынның үндеуі адамның өз өміріндегі сынақтарды түсіну және рухани тереңдікке жету жолындағы ізденісі ретінде оқылады.

Үшінші аспект – символдық бейнелердің қолданылуы. «Төрт қыран! «Қош қырандар!» жолдарында ақын табиғаттағы күш-қуатты, ерлікті және құдіреттің белгісін поэтикалық символға айналдырады. Қыран бейнесі – батырлық, тәуекел және рухани кемелдік символы, ол адамның өмірлік күрестерімен үндеседі.

Сондай-ақ, бұл үзіндіде Мұқағалидың поэзия мен шынайы өмір арасындағы тұтастығы айқын көрінеді. Ақын өз шығармасында бейнелеген дүниені нақты өмірде сезініп, оны күнделікті тәжірибесі арқылы қайта өңдейді. Бұл тәсіл қазақ поэзиясындағы дәстүрлі табиғат бейнесінің көркемдік ерекшелігін заманауи философиялық деңгейге көтереді.

Мұқағали Мақатаев поэзиясында әділдік ұғымы діни-философиялық тұрғыдан басты рөл атқарады. Ақын үшін әділдік тек әлеуметтік немесе құқықтық категория емес, ең алдымен Алланың заңы ретінде қабылданады. Оның *«Мына дүние әділдіктен жаралған»* және *«Мынау өмір әділдіктің тұрағы»* сияқты өлеңдері исламдағы Әл-Әдл («Әділ») принципіне тікелей үндеседі.

Мысалы, келесі өлең жолдарында:

«Мына дүние әділдіктен жаралған,

Өз орнында: жер де, күн де, тау, орман

Бір-бірінен қуат алған, нәр алған,

Мына дүние әділдіктен жаралған» (Мұқағали, 2001: 260) – деп, ақын ғаламдық үйлесімнің негізін әділдікке сүйейтінін көрсетеді. Мұнда табиғат элементтері мен әлемнің құрылымы әділдік заңымен үйлескен метафора ретінде ұсынылады, бұл ой ислам философиясындағы әлемнің заңдылығы мен тәртіптілігін көрсетуге ұқсас.

Мақатаев үшін әділдік пен дін арасындағы байланыс адам мен қоғамның рухани тазалығын қалыптастырудың басты шарты болып табылады. Ақынның көзқарасы бойынша әділдік адамның өз іс-әрекетінде, жүрек тазалығында, жауапкершілігінде көрініс табуы тиіс. Осы тұрғыда оның ойлары әл-Фараби мен Шәкәрімнің адамгершілік философиясымен сабақтасып, қазақ әдебиеті мен философиялық ой-сананың дәстүрлі сабақтастығын көрсетеді.

Әділдік философиясы Мақатаев поэзиясында адам мен Құдай арасындағы үйлесімділіктің, табиғат заңдылығы мен қоғамның моральдық қағидаларының бірігуін бейнелейді. Ақынның бұл көзқарасы ұлттық руханияттың заманауи дамуында әділдік пен имандылық идеяларының маңызын көрсететін маңызды феномен ретінде бағаланады.

Осылайша, Мақатаев шығармашылығында әділдік ұғымы исламдық дүниетаным мен философиялық ойды біріктіретін негізгі идеологиялық және эстетикалық оське айналады.

Мұқағали Мақатаев поэзиясында дін мен ғылымның үйлесімін көрсететін ең көрнекті туынды – «Дін – ғылымның анасы» атты қысқа, бірақ мәнді өлеңі. Бұл шығармасында ақын өзінің діни-философиялық көзқарасын поэтикалық формада айқын жеткізеді:

«Дін – ғылымның анасы,

Дін – ғылымның әкесі.

Ғылым – діннің баласы,

Дін – ғылымның көкесі...» (Мұқағали, 2001: 26).

Бұл жолдардан көрініп тұрғандай, Мақатаев ғылым мен дінді қарама-қарсы ұғымдар ретінде қарастыруға қарсы. Ақын екеуін біртұтас таным жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды: дін – рухтың, ғылым – ақылдың ілімі. Осы тұрғыдан, ақынның ойынша, ғылым мен дін бір-бірін толықтырып, адамның рухани және интеллектуалдық дамуының негізін құрайды.

Мақатаев поэзиясында ғылым мен діннің үйлесімі ислам өркениетінің дәстүрлі қағидалары – «ғылым – иманның жолдасы» – тұрғысынан көрсетіледі. Ақын мұны поэтикалық тұрғыдан бейнелеп, діни және философиялық ойларды эстетикалық формада біріктіреді. Бұл тәсіл оның шығармашылығына ерекше тереңдік беріп, оқырманға рух пен ақыл арасындағы үйлесімділікті түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мұндай көзқарас қазіргі заман ғылымының этикалық және рухани негіздерін іздейтін үрдістермен үндес келеді. Мақатаев поэзиясында ғылым мен діннің үйлесімі тек білім мен сенімнің өзара байланысы ретінде емес, сонымен қатар адамның ішкі дүниесінің толыққанды дамуының, моральдық және рухани кемелділіктің кепілі ретінде сипатталады.

Осылайша, ақынның шығармашылығында дін мен ғылым біртұтас философиялық тұжырымдаманың бөлінбес бөлігі ретінде көрініс тауып, исламдық дүниетанымның поэтикалық бейнесін қалыптастырады.

Мұқағали Мақатаев поэзиясында сабыр мен үміт идеясы – діни-философиялық ойлардың маңызды көрінісі болып табылады. Ақынның «Шыда, шыда!» өлеңі діни терминологияны тікелей қолданбаса да, исламдық моральдық және этикалық ұстанымдармен үндеседі.

Мысалы, өлең жолдарында:

«Шыда, шыда!

Шыдай түс, шыда тағы!

Шыдамдыны мына өмір ұнатады,

Үміттің құлан иек құла таңы,

Әйтеуір, біратады, бір атады...» (Мұқағали шығармалары, 2-том, 2001: 142) – деп, ақын сабырлық, төзімділік, тәуекелге шыдамдылық және өмір сынақтарына мойымау сияқты қасиеттерді көркемдік тұрғыдан бейнелейді. Мұқағалидің «тұңғыықтан жарық іздеу» идеясы Құрандағы:

«Шыдамды бол, Алла сабыр еткендермен бірге» (Бақара, 153-аят)

қағидасымен тікелей сабақтасып, рухани-психологиялық және поэтикалық деңгейде көрініс табады.

Ақын үшін сабыр мен үміт – адамның ішкі рухани кемелденуінің, иманның айнасы. Ол өмірдегі қиындықтар мен сынақтарды тек тағдырдың сынағы емес, адамның рухани жетілуі мен сенімін нығайтудың қажетті жолы ретінде қарастырады. Өлеңде сабырлық пен үміттің үйлесімі арқылы адамға рухани тұрақтылыққа, моральдық төзімділікке және сенімнің беріктігіне жету мүмкіндігі беріледі.

Сондай-ақ, Мақатаев поэзиясында сабыр мен үміт идеясы жеке адамнан жалпы адамзатқа арналған философиялық үндеуге ұласады. Бұл арқылы ақын исламдық мораль мен адамгершілік қағидаларының күнделікті өмірде қалай көрініс табатынын, адамның рухани кемелдену жолындағы маңызды рөлін көркем тілмен жеткізеді.

Осылайша, сабыр мен үміт – Мұқағали шығармашылығында иманның көркемдік бейнесі ретінде айқын көрінеді, рухани және моральдық құндылықтардың поэтикалық интерпретациясына жол ашады.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу барысында Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы діни сарындардың ерекшеліктері айқын көрінді. Ақын шығармашылығы дәстүрлі діни поэзиядан түбегейлі ерекшеленеді: оның өлеңдерінде діни насихат емес, рухани-философиялық тереңдік пен адамның ішкі әлемін зерттеу басты мақсат болып табылады.

Анализ нәтижелері көрсеткендей, Мақатаев поэзиясы арқылы:

– Дінді адам болмысының ішкі өзегі ретінде көрсету. Ақын үшін сенім – тек сыртқы ғибадат емес, адамның жүрек тазалығы, ар-ождан тазалығы және рухани үйлесімінің негізі.

– Исламның гуманистік сипатын, әділдік пен махаббат философиясын жырлау. Өлеңдерде дін адамға бағытталған моральдық құндылықтар мен жалпыадамзаттық идеяларды насихаттайды.

– Ғылым мен сенімді қарама-қарсы емес, біртұтас дүниетанымның элементтері ретінде тану. Ақын ғылым мен дінді өзара толықтыратын, адам руханиятын байытатын жүйе ретінде бейнелейді.

– Дінді ұлт руханиятының тірегі, адамгершіліктің негізі ретінде бағалау. Мақатаев үшін дін – тек жеке адамның емес, қоғам мен ұлт мәдениетінің де моральдық және рухани бағдаршысы.

Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, ақынның діни-философиялық ойлары қазақ руханиятының заманауи дамуына айрықша ықпал етіп, ұлттық поэзияда дін

мен философияның үйлесімін жаңа көркемдік деңгейде көрсеткен. Мұқағалидің шығармашылығы арқылы рухани ізденіс, имандылық, әділдік және адамгершілік мәселелері поэтикалық тілмен жеткізіліп, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің моральдық-этикалық дамуында маңызды рөл атқаратыны дәлелденді.

5. Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Мұқағали Мақатаевтың діни бағыттағы поэзиясы қазақ әдебиетінде заманауи рухани жаңғырудың айрықша көрінісі болып табылады. Ақынның өлеңдерінде исламдық құндылықтар тек дәстүрлі формада емес, сонымен бірге заманауи поэтикалық тілде бейнеленіп, адам мен Алланың, ғылым мен сенімнің арасындағы үйлесімдік философиясы көркемдік деңгейде көрсетілген.

Мақатаев шығармашылығында дін догмалық немесе формалдық ұғым ретінде емес, адамның ішкі жан дүниесі мен қоғамның рухани мәдениетінің өзегі ретінде сипатталады. Ақын поэзиясында сенім, әділдік, сабыр, махаббат, үміт сияқты исламдық және жалпыадамзаттық моральдық қағидалар терең философиялық тұрғыда, көркемдік тәсілдер арқылы ұсынылады.

Сонымен қатар, Мұқағали поэзиясы дін мен ғылымның, рух пен ақылдың үйлесімділігін көрсетіп, адамның рухани кемелденуі мен моральдық тәрбиесі мәселелерін көркемдік деңгейде шешеді. Бұл оның шығармашылығын қазіргі қазақ қоғамының рухани-адамгершілік тәрбиесінде маңызды рөл атқаратын, ұлттық әдебиеттегі имандылық поэзиясының жаңа белесін ашқан феномен ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Мұқағали Мақатаевтың діни-философиялық поэзиясы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің рухани дамуында маңызды бағыт болып, заманауи адамгершілік, сенім және рухани ізденіс тақырыптарын поэтикалық деңгейде кеңінен насихаттайды.

Әдебиеттер:

1. Абай. Қазақ поэзиясының інжу-маржандары. – Астана: «Фолиант», 2019. – 224 б.
2. Зиоллаева А.Қ., Балтымова М.Р. Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы интермәтіндік көріністер. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы (филология сериясы), №2(131)/2020. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-131-2-47-52>.
3. Қасиетті Құран және қазақ тіліндегі мағыналық аудармасы / Ауд.: С.З. Ибадуллаев. – Алматы, 2018. – 774 б.
4. Көпейұлы М. Таңдамалы шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – 540 б.
5. Мұқағали. Шығармаларының толық жинағы. Төрт том. – Алматы: «Жалын», 2002. – 432 б.
6. Мұқағали. Күнделік. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. – 110 б.
7. Мұқағали. Жыр кітабы / Құрастырғандар: Б. Айдарова, Қ. Ботбай. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2012. – 1032 б.
8. Мақатаев М. Қазақ поэзиясының інжу-маржандары. – Астана: «Фолиант», 2019. – 224 б.
9. Шапиян М. Мұқағали: «Бірігіңдер, әлемнің мұсылманы...», «Islam.kz», 2005.
10. Шәкәрім. Қазақ поэзиясының інжу-маржандары. – Астана: «Фолиант», 2019. – 224 б.
11. Манашқызы Қ., Трушев А., Саттарова А. (2025). Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни поэзиясындағы интермәтіндік табиғат // Тілтану зерттеулері форумы. – 7(9). – 464-479 бб. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i9.10885>

References:

1. Abai. (2019). Pearls of Kazakh poetry. Astana: Foliant. (kaz)
2. Ibadullayev S. Z. (Trans.). (2018). The Holy Qur'an and its semantic translation into Kazakh. Almaty. (kaz)
3. Kopeuly M. (2005). Selected works. Pavlodar: ECO Research and Production Firm. (kaz)
4. Makatayev M. (2002). Complete works (Vols. 1–4). Almaty: Zhalyn. (kaz)
5. Makatayev M. (2009). Diary. Almaty: KazAqparat. (kaz)
6. Makatayev M. (2012). Book of poems (B. Aidarova & Q. Botbay, Eds.). Almaty: KazAqparat. (kaz)
7. Makatayev M. (2019). Pearls of Kazakh poetry. Astana: Foliant. (kaz)
8. Manashkyzy K., Trushev A., & Sattarova A. (2025). The nature of intertextuality in the religious poetry of Mashkhur Zhusip Kopeuly. *Forum for Linguistic Studies*, 7(9), 464–479. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i9.10885> (eng)
9. Shakarim. (2019). Pearls of Kazakh poetry. Astana: Foliant. (kaz)
10. Shapiyan M. (2005). Mukagali: "Unite, Muslims of the world...". *Islam.kz*. (kaz)
11. Zinollayeva A. Q. & Baltymova M. R. (2020). Intertextual manifestations in the poetry of Mukagali Makatayev. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 2(131), 47–52. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-131-2-47-52> (kaz)